

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй-коммуналдық сала мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 8 маусымдағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2009 жылғы 27 қазандағы N 150-ө
Өкімі

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй-коммуналдық сала мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 8 маусымдағы Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - **тізбе**) **б е к і т і л с і н .**

2. Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері **а г е н т т і г і :**

1) орталық мемлекеттік органдармен бірлесіп, тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының **Үкіметіне** бекітуге **енгізсін;**

2) тиісті ведомстволық нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын және Қазақстан Республикасының Үкіметін қабылданған шаралар туралы хабардар етсін.

Премьер-Министр

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

2 7

қ а з а н д а ғ ы

N

1 5 0 - ө

ө к і м і м е н

бекітілген

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй-коммуналдық сала мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

P/c N	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Орындауға жауапты мемлекеттік орган	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5
1.	Тұрғын үй қорын күтіп ұстау ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ҚжТҚШИА	2009 жылғы қазан
2.	Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ҚжТҚШИА (жинақтау), Еңбекмині, ТМРА	(2009 жылғы қазан

3.	Тұрғын үй қатынастары саласындағы уәкілетті органның ұсынысы бойынша кондоминиум объектісін басқару органы мен түпкі тұтынушыларға коммуналдық қызметтерді көрсететін нарық субъектілері арасындағы ынтымақтастықтың үлгі шартын бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ҚжТКШИА (2009 жылғы қазан жинақтау), ТМРА	
4.	Коммуналдық қызметтер көрсету ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ҚжТКШИА (2009 жылғы қазан жинақтау), ЭМРМ, АШМ	
5.	Қазақстан Республикасының тұрғын үй қорын мемлекеттік есепке алуды жүзеге асырудың бірыңғай тәртібін белгілеу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	СА (жинақтау), ҚжТКШИА	2009 жылғы қараша
6.	Үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері жиналысы хаттамасының, үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелеріне жазбаша сауалнама жүргізу кезінде келісу парағының, кондоминиум объектісін басқару жөніндегі есептің үлгі нысанын бекіту туралы	ҚжТКШИА бұйрығы	ҚжТКШИА	2009 жылғы қазан

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ҚжТКШИА - Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй коммуналдық шаруашылық істері агенттігі

ЭМРМ - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі

АШМ - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі

Еңбекмині - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

ТМРА - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі

СА - Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі